

14. Тютюкин С. Избранные труды // Москва: Собрание, 2022. — 718 с.

15. Штомпка П. Социология социальных изменений / Пер. с англ. под ред. В.А. Ядова. — М.: Аспект Пресс, 1996. — 416 с.

FTAXP/MPHTI/IRSTI 03.01.09

ӘӨЖ/УДК/UDS 92 (594)

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2026.89.2.029>

З.Айткенов ¹, Б.Абдрахманов ², Б.Құдайбергенұлы ³*

¹ Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан, Павлодар,
E-mail: ziyat15@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0001-8070-7150>

² Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан, Павлодар,

E-mail: abdrahmanov_bayr@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0001-7147-4391>

³ Ә.Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты, Қазақстан, Павлодар,

E-mail: k.bolat75@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0002-7864-6309>

ТАРИХШЫ - ҒАЛЫМ С.БЕЙСЕМБАЕВТЫҢ ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІ

Аңдатпа

Бұл қарастырылып отырылған мақаланың маңыздылығы - Қазақстанның ғылымы мен мәдениетінің тарихына қоғамдық шығармашылықтың, қызығушылықтың өсуімен түсіндіріледі. Яғни, тарих ғылымының негізін салғандардың, нақты жеке адамның роліне баға беріп, олардың шығармашылық маңыздылығының мәніне терең түсінікпен қарау қажеттігі айтылады. Бүгінгі күнде жеке адамның қоғамдағы ролін зерттеу дәстүрге айналып, тарихта ерекше көрініс беріп, қолдау табуда. Бұл тұрғыда көрнекті ғалым-тарихшы, қоғам қайраткері, ғылым саласындағы ұйымдастырушы, Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі С.Б.Бейсембаев тек Қазақстанның ғана емес, бұрынғы Одақтас республикалардың тарихнама-сынан да ерекше орын алатындығында дау жоқ.

XX ғасырдың басындағы ұлттық зиялылардың ролін тек біржақты жағымсыз көрсету кеңестік тарихнаманың жалпы әдіснамалық әлсіздігі болып табылады. Оның мәнісі шығыстағы, шет елдердегі XX ғасырдың басындағы ұлттық зиялыларының ролі кеңестік тарихнамада жағымды бағаланса, патшалы Ресейдің отарлы аймақтарына келген уақытта осы жай қарама-қарсы сипатталады.

Кеңестік дәуірдегі Қазақстан тарихын барынша шыншылдықпен, асқан байыптылықпен, нақты тарихи, статистикалық, архив деректерімен көрсетіп бере алған С.Бейсембаев еңбектерінің бүгінгі күн тұрғысынан дұрыс бағалап, кейінгі ұрпақтың рухани байлығына айналдыру тарихшы-зерттеушілердің алдында тұрған үлкен міндет.

Кілтті сөздер. Тұлға, тарих, кеңес, партия, мәдениет, қоғам, жүйе, институт, ғылым.

З. Айткенов ¹, Б.Абдрахманов ², Б.Құдайбергенұлы ^{*3}

¹ кандидат исторических наук, доцент Высшей школы гуманитарных наук, Павлодарский педагогический университет Әлкей Марғұлана, Павлодар, Казахстан.

E-mail: ziyat15@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0001-8070-7150>

² кандидат исторических наук, ассоциированный профессор Высшей школы гуманитарных наук, Павлодарский педагогический университет Әлкей Марғұлана, Павлодар, Казахстан.

E-mail: abdrahmanov_bayr@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0001-7147-4391>

³ кандидат исторических наук, ассоциированный профессор Высшей школы гуманитарных наук, Павлодарский педагогический университет Әлкей Марғұлана, Павлодар, Казахстан.

E-mail: k.bolat75@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0002-7864-6309>

НАУЧНЫЕ ТРУДЫ ИСТОРИКА - УЧЕНОГО С. БЕЙСЕМБАЕВА

Аннотация

Важность рассматриваемой статьи объясняется ростом общественного сознания, интереса к истории науки и культуры Казахстана. То есть необходимо дать оценку роли тех, кто заложил основы исторической науки, конкретного индивида, и с глубоким пониманием подойти к сути их творческой значимости. Сегодня изучение роли личности в обществе становится традицией, придает особый облик и находит поддержку в истории. В этом плане неоспоримо, что выдающийся ученый-историк, общественный деятель, организатор в области науки, академик Академии наук Казахской ССР С.Б. Бейсембаев занимает особое место в историографии не только Казахстана, но и бывших союзных республик.

Лишь односторонняя негативная демонстрация роли национальной интеллигенции начала XX века является общей методологической слабостью советской историографии. Его суть в том, что роль национальной интеллигенции на Востоке, за рубежом начала XX века положительно оценивалась в советской историографии, а в период приезда царей в колониальные регионы России характеризовалась этой простой противоположностью.

Перед историками-исследователями стоит большая задача правильно оценить труды С.Бейсембаева с точки зрения сегодняшнего дня и превратить их в духовное богатство следующего поколения. Который сумевший с максимальной честностью, серьезностью, конкретными историческими, статистическими, архивными данными показать историю Казахстана в советское время.

Ключевые слова. Личность, история, совет, партия, культура, общество, система, институт, наука.

Aitkenov Z. ¹, Abdrakhmanov B. ², Kudaibergenuly B. *³

¹ Associate Professor of the Higher School of Humanities, Candidate of Historical Sciences, Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan, Pavlodar, Kazakhstan.

E-mail: ziyat15@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0001-8070-7150>

² Associate Professor of the Higher School of Humanities, Candidate of Historical Sciences, Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan, Pavlodar, Kazakhstan.

E-mail: abdrahmanov_bayr@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0001-7147-4391>

³ Associate Professor of the Higher School of Humanities, Candidate of Historical Sciences, Pavlodar Pedagogical University named after A. Margulan, Pavlodar, Kazakhstan.

e-mail: k.bolat75@mail.ru

<https://orcid.org/0000-0002-7864-6309>

SCIENTIFIC WORKS OF HISTORIAN SCIENTIST S. BASEMBAYEV

Abstract

Kazakh law the importance of this article is explained by the growth of public creativity, interest in the history of Science and culture of Kazakhstan. In other words, it is necessary to evaluate the role of the founders of historical science, a specific individual, and take a deep understanding of the essence of their creative significance. Today, the study of the role of the individual in society has become a tradition, is reflected and supported in history. In this regard, there is no doubt that the outstanding scientist-historian, public figure, organizer in the field of science, academician of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR S. B. Beisembayev occupies a special place in the historiography of not only Kazakhstan, but also the former Union republics.

The only unambiguously negative demonstration of the role of the National intelligentsia at the beginning of the twentieth century is the general methodological weakness of Soviet historiography. Its essence lies in the fact that the role of the National intelligentsia in the East and abroad at the beginning of the twentieth century is positively assessed in Soviet historiography, while at the time of arrival in the colonial regions of Tsarist Russia it is described simply in contrast.

Historians and researchers face a great task to correctly evaluate the works of S. Beisembayev from the point of view of today and turn them into the spiritual wealth of the next generation. Who managed to show the history of Kazakhstan in Soviet times with maximum honesty, seriousness, specific historical, statistical, archival data.

Keywords: Personality, history, council, party, culture, society, system, institution, science.

Кіріспе. Бүгінгі күні тарихтағы тұлғаның рөліне қатысты мәселелер тарих ғылымының дамуындағы басым тақырыптардың біріне айналды және бұл тарихи өмірбаяны тарихнамасында «тұлғатану» деген атпен белгілі. Осы тұрғыдан алғанда тарих ғылымының қазіргі даму кезеңінде тарихшылар тұлғаның тарихтағы орнын, әсіресе тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметін, тарих пен тұлғаның өзара байланысы мен ықпалы мәселелерін зерттеуге үлкен қызығушылық танытуда. Мұндай қызығушылық қазіргі кезеңде тарих ғылымында елеулі өзгерістер орын алуы, өмірбаяндық тұрғыдан жаңа тақырыптар мен зерттеу тақырыптарының, сонымен қатар жаңа бағыттар мен әдістердің ашылуымен байланысты болды. Сондықтан қазіргі кезеңде тарих ғылымында тарихшылардың өмірбаянға көзқарасы мен оның мақсат-міндеттері, өмірбаяндық зерттеулердің тарих ғылымы үшін рөлі мен маңызы сияқты әдіснамалық мәселелер кеңінен талқылануда.

Тарихсыз қоғам, халық, мемлекет болмайтыны белгілі. Дегенмен, сол тарихтың ғылымға негізделіп, шынайы, түбегейлі, жан-жақты зерттелмеуі тарихи сананың, ұлттық рухтың

әлсіреуіне әкелетініне, әсіресе, өткен жиырмасыншы ғасырдың ұрпақтары талай рет көз жеткізді. Ендеше, Отандық тарих ғылымының алдында тұрған өзекті мәселе - сол ғылымның теориялық және методологиялық ұстанымдарына сүйене отырып, іргелі зерттеулер жүргізу болып табылатындығында дер едік [2, 4-7].

Қазақ халқының ұлттық тарихы мен мәдениетін ғаламдық деңгейге жеткізуді өзінің саналы ғұмырына өзек еткен азаматтардың бірі – академик С.Бейсембаев тоталитарлық жүйе құрсауында қоңыраулатып көтерген ұлттық мәдениет, ұлттық өнер, ұлттық тарихты дамыту мәселесі бүгінгі таңда да өзінің өзектілігін жойған жоқ.

Материалдар мен әдістер. Қарастырылып отырған жұмыс академик С.Бейсембаевтың ғылыми зерттеулері қазақ халқының XIX-XX ғасырларда бастарынан кешкен санқилы тарихынан мәлімет береді. Лениндік тақырып, Лениннің идеялық мұрасын насихаттау Партия тарихы институтының басты мақсат, міндеті еді. Институт ұжымы марксизм-ленинизм институтының Өзбек филиалымен бірлесіп «В.И. Ленин Орта Азия мен Қазақстан туралы» деген жинақты, Орталық мемлекеттік архивпен бірлесіп «Қазақстан еңбекшілерінің В.И. Ленинге хаты» деген жинақты шығарды. Мұнда, Қазақстан мен Түркістанға қатысы бар 400 құжаттар мен деректер жарияланды. Сондай-ақ, бұл мекемеде Қазақ КСР-інің Орталық Мемлекеттік архивпен бірлесіп әзірлеген «Лениндік шақыру», «Олар Ленинмен кездесті», «Ленинге - шын жүректен», «Қазақстан туралы лениндік құжаттар» және басқа да деректі жинақтар мен естеліктер басылып шығарылды. Ол кітаптардың бәрі кезінде қазақ ленианасына қосылған елеулі үлес еді.

Институт Республиканың Ғылыми мекемелерімен және Жоғары оқу орындарымен, әсіресе Қазақ КСР Ғылым Академиясының Ш.Уәлиханов атындағы «Тарих, археология және этнология» институтымен, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы мемлекеттік архив басқармасымен, Орталық және облыстық мемлекеттік архивтермен тығыз шығармашылық байланыста болды. Осындай қыруар еңбектің нәтижесінде Ресейде 1905-1907 жылдары болған бірінші орыс революциясынан бастап XX ғасырдың соңына дейінгі тарихи оқиғаларды қамтитын құжаттардың жинағы әзірленіп, баспадан жарық көрді. Мұның өзі Кеңес үкіметі тұсындағы Қазақстандағы саяси, әлеуметтік-экономикалық хал-ахуалды кеңінен түсінуге мүмкіндік береді [3].

Сонымен қатар, архивтік және сараптамалық талдау әдіс қолданылды – Қазақстан Республикасының Президенттік архивінен материалдар алынып, зерттелді. Мақала жазу барысында хронологиялық реті пайдаланды. Ғалымның еңбектеріне қатысты және тарихшылармен қатар басқа да қоғамтанушы ғылымдардың соңғы жылдарда қол жеткізген теориялық-методологиялық табыстарына талдау жасалды. Сол кезеңдегі басылымдарда жарық көрген еңбектер арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар анықталып салыстырмалы талдау жасалды.

Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы автономиялы, одан кейінгі одақтық республикалық тарихи, саяси, әлеуметтік және экономикалық хал-ахуалын нақты зерттеу еңбектерімен көрсетіп бере алған С.Бейсембаевтың тарихи шығармашылығының маңыздылығын талдап, сараптап көрсете білу, оның саналы ғұмырының өзі туған халқының өмірімен тікелей байланысты болғандығының дәлелі деп білеміз.

С.Бейсембаев білікті де алғыр, асыл азамат өзі сенген ақиқатынан аттап кетпеді. Биік лауазымды қызмет пен уақыт тапшылығы оның қолына айтарлықтай қолбайлау жасаса да, ол өзінің екі рет қайталанып басылған «Ленин және Қазақстан» (1968ж., 1987ж.) деген монографиясын жариялады. В.И. Лениннің толық шығармалар жинағының материалдары, шығармалары мен түрлі съез шешімдері, Орталық Комитет конференцияларының қаулылары бұл монографияның әдістемелік негізгі және басты дерек көзі болып табылады. Сондай-ақ, зерттеу барысында марксизм-ленинизм институты мен КСРО Орталық мемлекеттік архивінде, Қазақстан, Өзбекстан республикалары мен Ресейдің Омбы, Орынбор, Саратов, Новосибирск

сияқты ірі қалаларының түрлі архивтерінде сақталған көптеген естелік жазба деректер, архив құжаттар мен материалдар және жергілікті партия ұйымдарының материалдары кеңінен қолданылды. Бұл кітабында автор пролетариат көсемі В.И. Лениннің бүгінгі айтылып жүргендей кертартпа бейнесіне емес, оның Қазақстанға байланысты қабылданған шешімдерін куәландыратын түпнұсқа құжаттарына баса назар аударады. Сол арқылы Қазақстанда большевиктердің Кеңес үкіметін қалай орнатқандықтары туралы нақты шындықты көз алдыңызға бұлтартпас деректер арқылы жайып салады. 1969 жылы 15 қаңтарда осы монографиясы бойынша Мәскеуде қоғамдық ғылымдар академиясында докторлық диссертациясын ойдағыдай қорғап шықты [7, 3-4-п].

С.Б.Бейсембаевтың тарих ғылымына қосқан мол үлесі кезінде өз дәрежесінде бағаланды. Докторлық диссертациясына негіз болған «Ленин және Қазақстан» атты басты еңбегін 1987 жылы қатты науқастанып жүруіне қарамастан, толықтырып қайта бастырып шығарды. Бұл еңбегінде ол қазіргі айтылып жүргендей Лениннің қарама-қайшы тұлғасына емес, ең алдымен, құжаттарға, деректерге, түпнұсқаларға ерекше назар аударған. Осы ғылыми еңбегі үшін С.Бейсембаевқа 1970 жылы ең алғашқы Шоқан Уәлиханов атындағы бірінші дәрежелі сыйлық табыс етілген [9, 15-19-п].

Нәтижелер мен талқылау. Кеңестік дәуірде өмір сүрген тарихшылардың еңбектері «маркстік-лениндік» тұрғыда жазылған деген үкімді оңай шығара салуға дайын енжарлық пен салғырттылықтың бұл мәселеге мойын бұрып, зерттеуге кедергі жасап отыр десек, асыра айтпағанымыз болар. Кеңестік дәуірде зиялылардың ролі жасанды түрде төмендетілді, кейінгі орынға ығыстырылып отырды. Көптеген талантты ғалымдар, өнер, мәдениет қайраткерлері репрессияға ұшырап, есімдері көпке дейін белгісіз болып келді. Қазақ ұлтының бетіне шыққан қаймағы-оқығандарын, зиялыларын, қаламгерлері мен санаткерлерін сылып алып тастап, бірнеше буынның төбесіне қорқыныш пен үрейді төндірді де тұрды. Бұл ұлт ой-санасының жетілуі мен дәстүр сабақтастығына орасан зиянын тигізді. Ұлт дамуының күретауы рухани салада «ақтандақ» беттер көбейді. Осындай қиын да, күрделі проблемалардың қатарына жеке тұлғалардың, жеке тарихшылардың қоғамдық қызметтері мен ғылыми еңбектерін зерттеу жұмыстарының жатқызылуы да орынды. Өйткені, олардың саяси-әлеуметтік көзқарастарын, қоғамдық қызметін бағалауда, қазақ тарихындағы ролін анықтауда белгілі бір бағыт, табан тірер негіз бар. Бұл тұрғыда кешегі кеңестік империя кезінде жүргізілген бір жақты идеологияға қарамастан халқымыздың сол ғасырдың күрделі тарихын алғашқы күйінде жеткізуге тырысқан С.Асфендияров, М.Тынышбаев, Е.Бекмаханов, Ә.Марғұлан сияқты біртуар тарихшы ғалымдардың қатарында академик, тарих ғылымының докторы, профессор С.Бейсембаевтың болуы да кездейсоқтық емес. Сондықтан да көзінің тірісінде Отандық тарихтың дамуына ерекше атсалысып, халқымыздың өткеніне, болашағына шыншыл баға беру жолында талай қиындықтарға ұшыраса да өмірінің соңына дейін адал қызмет еткен ірі тұлғаның іс-әрекеті жас ұрпақтардың ой - санасынан берік орын алуы керек деп білеміз.

Соғыстан кейінгі жылдарда Отандық тарихты зерттеудің орталығы Партия институты болған еді. Бұл жылдары институт қабырғасында С.Бәйішев, Н.Жанділдин, Т.Балақаев, П.Пахмурный, А.Байшы, И.Горохвдатскийлермен қатар осы институттың ұжымымен тығыз байланыста болып ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген А.Нүсіпбеков, С.Покровский, Г.Дахшлейгер, Д.Кішібеков, Б.Сүлейменов тәрізді белді де, белгі ғалымдар еңбек етті [3, 133].

1965 жылдың 6-7 мамырында Партия тарихы институты Ғылым Академиясының Ш.Уәлиханов атындағы «Тарих, археология және этнография» институтымен біріге отырып Ұлы Отан соғысындағы Кеңес Одағының жеңісінің 20 жылдығына арналған ғылыми сессия өткізілді. Онда С.Бейсембаев негізгі баяндаманы жасады.

1965 жылдың 11 мамырында Партия тарихы институты Алматы обкомы ҚКП бірге «Ленинская генеральная линия партии – незабвенная основа успешного строительства Коммунизма» тақырыбына арнап теориялық конференция өткізді. Мұнда да С.Бейсембаев

«Возрастание роли КПСС в Коммунистическом строительстве» баяндамасымен халық алдына шықты. Бұл екі конференцияларында С.Бейсембаев кеңес қоғамының өміріндегі, бүкіл дүниежүзілік даму барысындағы аса ірі тарихи белес болғанын, коммунизм жолымен өркендеуінің зор перспективасы белгіленгенін, КСРО-дағы коммунистік құрылыстың және дүниежүзілік дамудың негізгі мәселелері бойынша маңызды теориялық тұжырымдар мен қорытындылар жасалғанын айтты. [8, 12-13-п].

С.Б.Бейсембаев – республикадағы тарих ғылымының негізгі ұйымдастырушыларының бірі болды. Оның бұл ғылыми – ұйымдастырушылық қызметі әскер қатарынан босап, соғысқа дейін еңбек еткен Алматы қаласындағы Республикалық жоғары партия мектебі директорының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары болып тағайындалғаннан кейін басталады. Ол көп ұзамай өзінің іскерлігі мен еңбекқорлығының арқасында Партия тарихы институтының директоры қызметін атқарды. Қазақстанда Кеңес үкіметінің орнау тарихын зерттеумен айналасып, қазақ халқы тарихының күрделі мәселелерін көрсетуде құндылығын аса жоғалта қоймаған ғылыми еңбектер жазды. С.Бейсембаев әлі күнге дейін ғылыми айналымнан түспеген екі томдық «Қазақ КСР тарихы» мен «Қазақ КСР тарихының» 5 томдығының редколлегия мүшесі болды.

Бүгінгі күн тұрғысынан біз «сталинизм» ұғымы аясында шоғырланған билікпен қатар, халыққа қиянат жасаған қоғамдық саяси жүйенің ұйымдастырылғанын көреміз. Осындай күрделі уақытта С.Бейсембаев өзінің өмірін қазақ халқының тарихын зерттеуге арнайды.

Қалыптасқан тұжырымның бір қыры – қазан революциясы жүзеге асқаннан кейін ұлттың шынайы жанашырлары большевиктер жүргізген әккі саясатқа қарсылық білдергендері үшін «ұлтшыл-буржуазия өкілдері», «халық жауы» деген айдар тағылып, қудаланғаны белгілі. Бұл жылдары Қазақстанның оқулықтары мен ғылыми әдебиеттерінде Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаевтардың есімдері үнемі кеңес үкіметінде қастандық жасаушы зиянкестер ретінде берілді. Бұл есімдерден кейін таптаурынға айналған «ұлтшыл-буржуазиялық элементтер» деген сөздер қосарланып жазылатын болды. Бұл негізсіз тағылған айыптар бұл кезде «халық жауы» деген тезиспен байланыстырады. Кеңес үкіметімен ашық күресте жеңілген олар идеологиялық майданда зиянкестікке көшті деген пікір таралды. Сондықтан да, кеңестік кезінде жазылған еңбектерде жоғарыдан түсірілген нұсқау бойынша қазақ ұлттық зиялылар және сондай-ақ қалыптасу шағында буржуазия өкілдерінің идеялары үзілді-кесілді, бірбеткей кертартпалық деп бағалануға тиіс еді.

Сталиндік билік кезінде, «ұлтшыл» топтарды әшкерелеп жазу күшіне енген уақытында, С.Бейсембаев XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстан өңіріндегі Лениана және революциялық немесе ұлт-азаттық күрес маманы ретінде аталып өткен мәселе бойынша толық шындықты жаза алмауы соның салдарынан бұл проблемалардан айналып өтуі-ғалымның ресми тұжырымдамамен келіспей, өзіндік объективті ғылыми көзқарасының болғандығын айқындайды.

Институтта ғылыми-зерттеу еңбектер баспадан шығар алдында бірнеше қайтара талқылаудан өтетін. Себебі, аяқталған деген жұмыстардың өзінде кемшіліктер болатын. Сондықтан да болар бұл тұрғыда С.Бейсембаев ғылыми-зерттеулерді методологиялық жағынан күшейтуді талап етті. Ол осындай методологияның негізіне қоғамдық дамудың жалпы тарихи заңдылықтарын, ғылыми-зерттеу қызметінің үздік формалары мен тәсілдерін қалау керектігін үнемі еске алып отыратын [10, 26-27-п].

Сөйтіп, ұзақ жылдар жемісті еңбек етіп, тарих ғылымының дамуына және ғылыми мамандарды даярлаудағы қосқан үлкен еңбегі үшін С.Бейсембаев «Қазақстанның ғылымына еңбегі сіңген қайраткер» құрметті атағына ие болды. Оның ғылыми-ұйымдастырушылық, қоғамдық және педагогикалық қызметі Республика халқына қызмет етуге бағытталды. Ол ғылыми-зерттеу жұмысында шыдамдылық, қажырлы еңбек және ақиқатқа талпынудың арқасында сәттілікке жетті. С.Бейсембаевтың тарих ғылымының дамуына қосқан үлесі көл-көсір, бұған қоса ол жаңашыл ғалым ретінде көпшілікке танымал болды. Оның ғылыми-

шығармашылық қызметі көптеген жас ғалымдарға үлгі болып, ғылыми жолда қалыптасуына бағыт-бағдар болуға лайық. Ол тәрбиелеп шығарған мамандар бүгінгі таңда егеменді қазақ елінің нығаюына үлестерін қосуда.

Институт ұжымы марксизм-ленинизм институтының Өзбек филиалымен бірлесіп «В.И.Ленин Орта Азия мен Қазақстан туралы» деген жинақты, Орталық мемлекеттік архивпен бірлесіп «Қазақстан еңбекшілерінің В.И.Ленинге хаты» деген жинақты шығарды. Мұнда, Қазақстан мен Түркістанға қатысы бар 400 құжаттар мен деректер жарияланды. Сондай-ақ, бұл мекемеде Қазақ КСР-інің Орталық Мемлекеттік архивпен бірлесіп әзірлеген «Лениндік шақыру», «Олар Ленинмен кездесті», «Ленинге - шын жүректен», «Қазақстан туралы лениндік құжаттар» және басқа да деректі жинақтар мен естеліктер басылып шығарылды. Ол кітаптардың бәрі кезінде қазақ ленинанысына қосылған елеулі үлес еді.

Институт Республиканың Ғылыми мекемелерімен және Жоғарғы оқу орындарымен, әсіресе Қазақ КСР Ғылым Академиясының Ш.Уәлиханов атындағы «Тарих, археология және этнология» институтымен, Қазақ КСР Министрлер Кеңесі жанындағы мемлекеттік архив басқармасымен, Орталық және облыстық мемлекеттік архивтермен тығыз шығармашылық байланыста болды. Осындай қыруар еңбектің нәтижесінде Ресейде 1905-1907 жылдары болған бірінші орыс революциясынан бастап XX ғасырдың соңына дейінгі тарихи оқиғаларды қамтитын құжаттардың жинағы әзірленіп, баспадан жарық көрді. Мұның өзі Кеңес үкіметі тұсындағы Қазақстандағы саяси, әлеуметтік-экономикалық хал-ахуалды кеңінен түсінуге мүмкіндік береді [16, 24-29].

КОКП маркстік-лениндік теорияны коммунистік қоғам орнатудағы басты құрал ретінде пайдаланды. Кезінде кеңестік жүйеде қоғамдық ғылымдардың дамуына ерекше көңіл бөлінгендігі де сондықтан. Осыған орай КОКП бағдарламасында: «Бұл саладағы басты мәселе коммунистік құрылыс тәжірибесін зерттеп, теориялық жағынан қорыту, социализмнің экономикалық, саяси және мәдени дамуының, оның коммунизмге ұласуының негізгі заңдылықтарын зерттеу, коммунистік тәрбие беру проблемаларын шешу болып табылады», - деп көрсетілген.

Бұл туралы С.Бейсембаев бір сөзінде: «Партия социализм орнатудағы қиыншылықтарды жеңе отырып революциялық теорияны шығармашылықпен дамытуды айбынды тәжірибелік қимылымен шебер ұштастыра білді, соның нәтижесінде социализмнің жеңісін қамтамасыз етті», - деп жазған болатын [15, 15-19].

Академик С.Бейсембаев өз қоғамында, ғылымның тарих саласында ірі маман болатын. Оның дүниетанымы өте кең еді. Ол жоғарыда айтқанымыздай тарих ғылымы саласында нәтижелі еңбек етіп, терең зерттеулер жүргізді. Лениндік ұлт саясатын, кеңестік ұлттық мемлекеттік құрылысын, халықтар татулығы сияқты маңызды мәселелерді қарастырды.

Әсіресе, ол «В.И.Ленин Орта Азия мен Қазақстан туралы» (Ташкент, 1960) деген еңбектің авторларының бірі әрі редакторы ретінде тарих ғылымына елеулі үлес қосты. Бұл құжаттар жинағын КОКП Орталық Комитетінің жанындағы марксизм-ленинизм институтының филиалдары: Өзбекстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің жанындағы Партия тарихы институты мен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің жанындағы Партия тарихы Институты - В.И.Лениннің 90 жылдың мерейтойына арнап әзірлеген.

Жинаққа Лениннің маңызды шығармалары енгізілген: ол бұл шығармаларында партияның ұлт-отар мәселесі жөніндегі бағдарламасы мен саясатын теория жағынан жан-жақты негіздеп берген және оппортунистер, ревизионистер мен ұлтшылдардың бұл мәселе жөніндегі көзқарастарын принциптік түрде сынға алған. Бұл еңбектің тағы да бір ерекшелігі оған енгізілген шығармалар мен құжаттар хронология тәртібімен орналастырылды. Көптеген деректер мен құжаттар архивтерден және мерзімді баспасөз материалдарынан алынды.

Қоғамдық ғылымдар өкілдері бұрын артта қалған аудандардың капиталистік емес жолмен дамуының заңдылықтары, Орта Азия республикалары мен Қазақстанда социалистік қоғамдық

қатынастардың одан әрі дамып, коммунистік қатынастарға ұласуы, социалистік мәдениетті одан әрі дамыту тенденциясы және ұлттарды жақындастыру жолдары, еңбекшілер бұқарасының социалистік санасын қалыптастыру заңдылықтары, ғылыми зерттеулердің логикасы мен методологиясы, жаратылыстану ғылымының методологиялық проблемалары, марксизм-ленинизмге жат теорияларды сынау сияқты сан алуан проблемаларды зерттеумен шұғылданғандықтары белгілі.

Көріп отырғанымыздай, басқа тарихшылар сияқты С.Бейсембаев та кеңестік жүйенің қысымында болса да, туған халқының тарихын нақты деректерге сүйене отырып, ақиқатпен жазған.

Олардың қатарында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы партия тарихы институтының ұжымы да болды. Бұл ұжым қоғамдық ғылымдарды өркендетуге, республика еңбекшілерінің коммунистік құрылыстағы ерлік еңбегін көрсету ісіне үлкен үлес қосты. Осы орайда жарық көрген «Қазақстан Коммунистік партиясы тарихының очерктерінен» басқа тағы да көптеген құжаттар жинақтары мен монографияларды атап өтуге болады.

Кезінде институт ұжымы жүргізген тағы бір абыройлы іс – ол республикадағы партия тарихын зерттеушілердің жұмысына көмек көрсетуді ұйымдастыру болып саналды. Осыған орай, республикадағы барлық партия тарихы кафедраларының, жеке зерттеушілердің ғылыми жұмыстарына басшылық жасап қана қоймай, олардың зерттеулердегі кемшіліктерді жою үшін консультациялық көмек көрсету жұмыстары жолға қойылды.

Бұл жөнінде академик С.Бейсембаев өзінің бір сөзінде: «Шынын айту керек, әлі де болса біраз зерттеулердің тақырыптары ұсақ, мәнсіз–мардымсыз, көп тақырыптар бірін-бірі жиі қайталайды. Ал, жазылып біткен еңбектердің көбі қолжазба күйінде жарыққа шықпай қала береді. Кейбір ғалымдар кандидаттық диплом алуымен (әсіресе, жоғарғы оқу орындарда) ғылыми зерттеу жұмысы кемеліне келді деп санайды. Зерттеушілеріміздің жарыққа шығуы аз, өндірістік әсері төмен. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіру ісінде әлі көптеген кемшіліктер бар. Бұл жұмысты көңілдегідей жүргізу үшін Қазақ КСР Жоғарғы және арнаулы орта білім министрлігінің тікелей және белсенді жәрдемі керек. Себебі бұл ұйымдастыру жұмысының 99 проценті жоғарғы оқу орындарындағы КОКП тарихы кафедраларымен байланысты.

Біздің тағы бір үлкен кемшілігіміз – республикада социалистік зерттеулер жұмысы ұйымдаспай келеді. Ал қоғамдық өмірімізде саяси тәрбие, әлеуметтік жұмысымызда социологиялық қорытындылардың пайдасы мол.

Сонымен бірге ескіліктің қалдығына қарсы күресті күшейту, реакциялық-буржуазиялық идеологияның, еліміздің тарихын бұрмалаушылардың әрекеттерін батыл әшкерелеу жөнінде де борыштар болып келеміз.

Жұмысымыздағы үлкен кемшіліктердің бірі - күрделі теориялық мәселелерді комплексті түрде зерттеу ісін жолға қоя алмай келе жатқандығымыз. Рас, бұл жөнінде жақсы бастамалар бар. Атап айтқанда, политехникалық институттың партия тарихы кафедрасы түгелімен Қазақстанды индустрияландырудың тарихын зерттеуге кірісті. Сондай-ақ, шет тілдер институты тарих кафедрасының ұжымы республикамыздағы мәдени құрылыстың тарихын зерттеуді қолға алды.

Тарихшылардың алдында әлі толық зерттелмеген үлкен-үлкен ғылыми проблемалар тұр. Қазақстан Компартиясы тарихын бір томдық очеркпен ғана шектеп қоймай, кеңірек зерттеп жазып шығару; бұрын артта қалған халықтардың капиталистік емес жолмен дамуының тарихи тәжірибелерін қорыту; Қазақстанда лениндік идеялардың салтанат құруын тиянақты түрде тұжырымдау; Қазақстан Компартиясы партиялық құрылысының тарихын қорытындылау; республикамыздағы коммунистік қозғалысының дамуын зерттеу; бес жылдық жоспардың орындалуын ұйымдастырудағы, еңбекшілерді, коммунистік рухта тәрбиелеудегі партия органдарының басшылық ролін көрсету- міне біздің міндеттер, қысқаша айтқанда, осы алуандас» [11, 1-п], - деп атап өткен болатын.

С.Бейсембаевтың жоғарыда аталған еңбектерінен басқа «Олар Ленинмен кездесті» (А.1971), «Ленинские документы о Казахстане» (А. 1971), «Ленинский призыв» деген зерттеулері де бар.

Бұл зерттеулерде В.И.Лениннің тікелей араласуымен Кеңес мемлекетінің ұлттық мемлекет құру жолында Орта Азия мен Қазақстан республикаларының экономикасы мен мәдениетін көтеруге қосқан үлестері туралы айтылған. Ал кітаптар болса Москва, Санкт-Петербург, Алматы, Ташкент, Орынбор, Омбы, Новосибирск және тағы басқа қалалардағы мемлекеттік архивтерден жиналған құжаттар негізінде жазылған [12, 44-п].

Кеңес үкіметі кезіндегі Қазақстанның тарихы, оның даму кезеңдері, әлеуметтік-экономикалық хал-ахуалы туралы әр жылдары жарық көрген көптеген зерттеу еңбектердің арасынан 1978 жылы «Қазақстан» баспасынан С.Бейсембаевтың басшылығымен жарық көрген «КПСС и Советское правительство о Казахстане» деген деректі жинақты ерекше атап өтуге болады.

Әрине, С.Бейсембаев бастаған бұл ғалымдардың зерттеулері де идеологиялық қасаң жылдарда жазылғандықтан өз уақытына тән кемшіліктерге бой алдырған. Мәселен, лениндік ұлт саясатының тек жақсы жақтары көрсетіліп, әкімшіл-әміршіл жүйенің идеологиясы ашылмай қалған. Бұл үшін зерттеушілерді кінәлау қажет емес. Өйткені, өткен ғасырдың 1930-1950 жылдары партиялық - өктемдік басқару мен әкімшіл-әміршіл жүйе гүлденіп, оның үстіне «Правда» газетінде жарияланған «За марксистско-ленинское освещение вопросов истории Казахстана» мақаласы (10 сәуір 1951 жыл) мен Қазақстан КОКП VIII пленумының «О состояниях и мерах улучшения идеологической работы парторганизации республики» атты негізгі баяндамасында, оның қорытындыларында «Қазақстан тарихы мәселері маркстік-лениндік тұрғыдан зерттелсін, саяси кемшіліктер жойылсын» деген ұран үстем болды. Сондықтан, кеңестік дәуірде өмір сүрген кез-келген тарихшы-зерттеушінің еңбектерінің марксизм-ленинизм тұрғысынан жазылу заңдылық болды. Бұл-тарихи факт.

Жоғарыда аталған жинаққа Қазақстанға тікелей қатысы бар КОКП съездері мен пленумдарының 138 қаулыларының шешімдері және 400-ге жуық қосымша құжаттар тізімі берілген.

Бұл құжаттар мен материалдардың барлығы да дәуірлеу кезеңдері бойынша хронологиялық тәртіпке бағындырылып, 4 бөлімге бөлінген. Бірінші бөлім «Ұлы қазан төңкерісі мен азамат соғысы жылдарындағы Қазақстан» (1917-1920 жылдар), екінші бөлім «Капитализмге соқпастан социализмге өту» (1921-1937 жылдар), үшінші бөлім «Социализм орнатуды аяқтау жолындағы күресте» (1938-1958 жылдар), төртінші бөлім «Коммунизмге өту жолында» (1959-1977 жылдар) деп аталады. Еңбектің құндылығы оның нақты құжаттарға сүйеніп жазылғандығында. Сондықтан да, Қазақстан тарихын зерттейтін ғалымдар бұл жинаққа соқпай, сілтеме жасамай өтпейді.

Бірінші және екінші бөлімнің материалдарында кеңес билігі мен социализм құрылысы үшін республика еңбекшілерін күреске жұмылдырудағы КОКП және үкіметтің ролі көрсетілген. Жинақ В.И. Ленин мен Сталин қол қойған - «Ресей халықтары құқығының декларациясы» атты тарихи үндеуімен ашылады. Бұл Кеңес мемлекетінің тұңғыш жарлықтарының бірі еді. Онда лениндік ұлттық саясаттың басты принциптері: Ресей халықтарының толық теңдігі, ұлттық және ұлттық діни артықшылықтар атаулының мүлдем жойылуы, елді мекендеуші ұлттардың еркін өркендеуі жарияланған [5, 15-17-п].

Сондай-ақ, бұл еңбектен В.Ленин қол қойған 28 декрет, қаулы, жарлық, телеграммаларды табуға болады. Оның негізгілері: Қазақстанда қоғамдық шаруашылықты жүргізу мақсатымен құрылған екінші-коммунистердің Ресейлік бірінші қоғамына көмек көрсету жөніндегі хат; қазақ өлкесі басқаратын революциялық комитет туралы декрет; қоршауда қалған Орал қаласын екі ай бойы ерлікпен қорғаған Шығыс майданының 4-ші армия құрамына алғыс жариялау туралы Қорғаныс кеңесінің қаулысы; Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасын құру туралы декрет осы сияқты басқа да тарихи құжаттар.

Кітаптың мән-мазмұнын көтеріп тұрған құжаттар мен материалдардың келесі тобы Қазақстанның капитализмге соқпастан бірден социализмге өту кезеңіне арналған. Бұл кезең, яғни 1921-1937 жылдар Қазақстан тарихындағы барынша қарама-қайшылыққа толы қиын кезең болғаны белгілі.

Мысалы, 1921 жылдың 5 қаңтарында РСФСР-дің Еңбек және Қорғаныс кеңесі Лениннің қол қоюымен «Орал облыстарының мұнай кәсіпорындарын азық-түлікпен, көлік, құрал-жабдықтарымен қамтамасыз ету туралы» қаулы қабылдаған. Онда «Мұнай өндірудің айрықша мемлекеттік маңызын және мұнай өндіріп жатқан Орал облысының Жем және Темір мұнай өндіруші аудандарындағы аса қолайлы жергілікті жағдайларды еске ала отырып, Еңбек және Қорғаныс Кеңесі жоғарыда аталған кәсіпорындардың жұмысшылары мен қызметкерлерін азық-түлікпен жабдықтау үшін және кәсіпорындарды көліктермен қамтамасыз ету үшін ерекше шаралар қолдануы қажет деп көрсетілген [5, 49-180].

Ал, жинақтың келесі үшінші және төртінші бөлімдеріне Кеңес үкіметі тұсындағы екі елеулі тарихи кезеңнің: кемелденген социалистік қоғам орнату дәуірі (1938-1958 жылдар) мен коммунизм орнатуға бет алу дәуірі (1959-1977 жылдар) туралы құжаттар мен деректер енгізілген. Сондай-ақ, одан тың және тыңайған жерлерді игеру жайындағы көптеген қаулылар мен қарарларды да табуға болады [5, 204-224]. Бір сөзбен айтқанда бұл ұжымдық жинақтан Қазақстанның Кеңес үкіметі тұсындағы тарихына қатысты көптеген архив материалдарын еш қиындықсыз кездестіреміз.

Бұл тұрғыда академик С.Бейсембаев кезінде баспадан екі мәрте қайталанып басылып шыққан «Қазақстан Коммунистік партиясы тарихының очерктері» (А.1963, 1984) және «Ленин идеяларының туы астында» (А. 1973) еңбектерін жазып, сол қоғамның бет-бейнесін көрсету жолында көптеген жұмыстар атқарды. Осыған бір мысал келтірсек, С.Бейсембаевты асқан бір ризашылық сезіммен еске алып отырған шәкірттің бірі В.К.Сидоров: «Атақты ойшыл А.Джани С.Бейсембаев сияқты адамдар туралы «Лучший среди людей-тот, кто больше приносит пользы другим» десе, М.Горький «Всем хорошим во мне я обязан книгам» деген екен. Мен ҚазМУ-де оқыған кезімде С.Бейсембаевтың аузынан дәріс естідім. Ол міндеттеген кітаптарды оқыдым. Сол арқылы қоршаған ортаға, қоғамға деген көзқарасым қалыптасып, жоғары білімді маман ретінде үлкен өмірге аяқ бастым. Жалғыз мен ғана емес, менің курстастарым да ұстаздарының терең академиялық білімі мен биік адамгершілік қасиетіне тәнті болып, соған ұқсауға тырысатын.

1958 жылдың 10 қазанында Орта Азия мен Қазақстан Республикаларының Партия тарихы институттары мен архив мекемелері өкілдері бас қосып: «Кезінде Орта Азия мен Қазақстанды да қамтыған азамат соғысы тарихы бойынша Одақтық дәрежедегі құжаттар мен материалдар жинағын даярлау туралы мәселені талқылап, Орта Азия мен Қазақстан республикаларының КОКП ОК-нің жанындағы МЛИИ-ның филиалдары мен архив мекемелерінің үйлестіру орталығының өкілдері төмендегідей шешім қабылдаған:

1. Құжат және материалдар жинағы «Средняя Азия и Казахстан в годы иностранной интервенции и гражданской войны (апрель 1918-1922 гг.)», -деп аталсын;

2. Құжаттар мен материалдарды жинақтап, даярлау жыл бойы жүргізіліп, 1960 жылы баспаға ұсынылып, 1962 жылы жарық көрсін;

3. Жинақ фотоқұжаттармен, фотосуреттермен, майдан схемаларымен, оқиға хроникаларымен, тақырыптық, географиялық, терминологиялық көрсеткіштерімен жабдықталсын. Сондай-ақ, Азамат соғысына қатысты оқиғалардың барлығы да библиографиялық көрсеткіштермен қамтылуы керек [13, 88-89].

Бұдан басқа Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институты «КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитеті пленумдарының қарарлары мен шешімдері» атты 10 томдық құжаттар жинағын бастырып шығарып, оған С.Бейсембаев пен Қ.Сағындықов: «Бұл басылымға 1898-1971 жылдар аралығындағы кезеңді

қамтитын үш мыңға тарта аса маңызды партиялық құжаттар енгізілген. Олардың қатарында партияның үш бағдарламасы, жиырма төрт съездің, он сегіз конференцияның және Орталық Комитеттің бірқатар пленумдарының қарарлары мен шешімдері бар. Сондай-ақ, жаңа басылымға КОКП Орталық Комитетінің жалпы партиялық мәні бар қаулылары, хаттары мен үндеулері де енгізілген.

Оның үстіне, мұнда В.И.Лениннің тікелей өзі жазған, немесе жанама қатысы бар құжаттар да қамтылған.

Бір сөзбен айтқанда Қазақстанның саяси, тарихи және әлеуметтік-экономикалық даму жолдарын көрсетуге арналған бұл 10 томдық жинақтың қазақ тілінде жарық көруі республика өмірі үшін айта қаларлықтай ұтымды болды», - деп пікір білдірді [19, 83-85].

1957 жылы Партия тарихы институтының ұжымы Қазан революциясының 40-жылдық мерей тойын үлкен еңбек жетістіктерімен атап өтті. Әйткенмен де, институттың ғылыми-зерттеу жұмысының басты міндеті «Қазақстан Коммунистік партиясы тарихын» дайындап шығару болатын. Бұл іс Ұлы Отан соғысына дейін қолға алынған. Тіпті, 1948 жылы институт «Краткий очерк истории Коммунистической партии Казахстана» деген кітапты шығармақ та болған. Бірақ, бұл мақсат жүзеге аспады. Себебі, КОКП XX съезінен кейін «Очерктің» кемшіліктері анықталып, зерттеу жұмысы тоқталып қалды.

Осыған орай, С.Бейсембаев «Біздің міндетіміз деректі материалдарды маркстік-лениндік методологиясы тұрғысынан терең зерттеп қана қоймай, тарихшы мен қоғамтанушы ғалымдардың еңбектерін ұтымды пайдалану және КОКП ОК Пленумдарының, конференцияларының, партия съездерінің шешімдерін терең зерттеу арқылы тарихи шындыққа қарапайым адамдардың көзін жеткізіп, болашаққа деген сенімін арттыру», - деп көрсеткен еді. Мұндай келелі зерттеулер өз кезегінде Республика партия ұйымдарының көптеген оң қызметін орынды көрсетуге мүмкіндік беріп қана қоймай, оған қатысты құжаттар мен материалдарды ғылыми айналымға түсіруге де жол ашты. Осының бәрі 1930-шы жылдардың ортасында басталып тоқталып қалған «Коммунистік партия тарихының қысқаша очеркін» аяқтауға жағдай туғызды. Сол кездегі Кеңестік саясаттың шеңберінен шығып кетпей, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы саяси, әлеуметтік-экономикалық хал-ахуалдың бет-әлпетін көбінесе жалаң деректерді сәтті пайдалану арқылы көрсетуге тырысқан ғалымның зерттеу еңбектері бүгінгі тәуелсіз заманда да өз мән-мазмұнын жоғалтпайтындығына сенімдіміз.

Осы очеркпен жұмыс істеу кезінде бірқатар проблемалық сипаттағы мәселелер де өз шешімін тапты. Қазақстан Компартиясының құрылу тарихы мен даму кезеңдерінің өзіндік заңдылықтары мен ерекшеліктері туралы және Қазан революциясына дейінгі бұрынғы Қазақстанның әкімшілік аймақтарының орталығы болып саналған - Орынбор, Ташкент, Омбы қалаларындағы демократиялық бағыттағы ұйымдар мен топтардың қоғамнан алар орны қарастырылды. Сонымен қатар бұл очерктің әр тарауы кітап болып шықпай жатып-ақ, алдынала республикалық деңгейдегі «Партийная наука Казахстана», журналы беттерінде саяси кеппеген күйінде жарияланып отырды. Кітап жобасы республика ғылыми жұртшылығы назарына да ұсынылып, жан-жақты талқылаудан өтті. Оның үстіне бұл ұжым мүшелерінің ғылыми-теориялық жағынан жоғары дәрежеде екендіктерін байқатты.

Очеркті даярлау барысында олардың практикалық және теориялық іскерлігі артып қана қоймай, ғалым-зерттеушілердің жаңаша ойлау қабылеті де артты. Соның нәтижесінде Республикамыздағы тарих және қоғамдық ғылымдар өкілдерінің халық алдындағы беделі артты [20, 22-25].

Сөйтіп, аталмыш еңбектің бірінші басылымы 1963 жылы жарық көріп бірден сұранымы мол құжатқа айналды. Сондықтан, араға 21 жыл салып 1984 жылы кітап толықтырылып екінші рет қайта басылып шығарылды. С.Бейсембаев болса зерттеудің екінші, төртінші бөлімдерін

жаңадан жазды. Сөйтіп, бұрынғы ескі нұсқасына тағы да 5 тарау қосылып, 760 беттік қомақты шығармаға айналды.

С.Бейсембаевтың екінші бір «Ленин идеялардың туы астында» деген түрлі құжаттар мен деректерге толы зерттеу еңбегі де XX ғасыр басындағы Қазақстанның қиыншылықтарға толы хал-ахуалын тарихи тұрғыдан сараптап, әр оқиғаның оң бағасын беруге арналған сол кезеңдегі жаңашыл еңбек болып табылады. Онда негізінен шет аймақ-бодан елдердің Қазан төңкерісіне дейінгі және одан кейінгі даму жолдары мен ұлт саясатының жүзеге асырылу механизмдері сөз болады [14].

Әрине, С.Бейсембаев бастаған бұл ғалымдардың зерттеулері де идеологиялық қасан жылдарда жазылғандықтан өз уақытына тән кемшіліктерге бой алдырған. Мәселен, лениндік ұлт саясатының тек жақсы жақтары көрсетіліп, әкімшіл-әміршіл жүйенің идеологиясы ашылмай қалған. Бұл үшін зерттеушілерді кінәлау қажет емес. Өйткені, өткен ғасырдың 1930-1950 жылдары партиялық - өктемдік басқару мен әкімшіл-әміршіл жүйе гүлденіп, оның үстіне «Правда» газетінде жарияланған «За марксистско-ленинское освещение вопросов истории Казахстана» мақаласы (10 сәуір 1951 жыл) мен Қазақстан КОКП VIII пленумының «О состояниях и мерах улучшения идеологической работы парторганизации республики» атты негізгі баяндамасында, оның қорытындыларында «Қазақстан тарихы мәселері маркстік-лениндік тұрғыдан зерттелсін, саяси кемшіліктер жойылсын» деген ұран үстем болды. Сондықтан, кеңестік дәуірде өмір сүрген кез-келген тарихшы-зерттеушінің еңбектерінің марксизм-ленинизм тұрғысынан жазылу заңдылық болды. Бұл-тарихи факт.

Қоғамдық ғылымдарды зерттеп, одан әрі дамыту мақсатында С.Бейсембаев қашанда болмасын тарихтың өзекті мәселелеріне иек артты. Тарихшы ғалымның бұл ерекшелігін оның «Орта Азия коммунистік ұйымдарының тарихы» (Ташкент, 1967); «Капитализмге соқпастан социализмге» (Москва, Политиздат 1974), сияқты еңбектерінен табуға болады. Сондай-ақ, оның Орта Азия мен Қазақстанның тарихшы ғалымдарымен бірігіп жазған ұжымдық монографияларында да өзіндік қолтаңбасы бар.

Бұл зерттеулердің барлығында да Қазақстан мен Орта Азия халықтарының патшалық Ресей тұсындағы және Кеңес үкіметі кезеңіндегі саяси, әлеуметтік-экономикалық хал-жағдайлары қарастырылып, ол халықтардың тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық күрестеріне үлкен мән берілді. XX ғасырдың басында шет аймақтарда пайда бола бастаған ұлттық революциялық-демократиялық топтар мен ұйымдардың іс-әрекетіне талдау жасалады.

Бүгінгі көзқарас бойынша Кеңес үкіметі тұсындағы Партия тарихы институтының негізгі зерттеу нысаны Орта Азия мен Қазақстанда Қазан төңкерісі барысында орнаған социалистік құрылыстың негізінде КОКП тарихының теориясы мен тәжірибесін қарастыру болатын. Бұл тұрғыдан алғанда тарих ғылымының ілгері дамуына елеулі үлес қосқан «Капитализмге соқпастан социализмге» деген күрделі ұжымдық еңбектің маңызы ерекше болды.

Бұл құнды монографияның басқа ғылыми зерттеулерден ерекшелігі, оның тарихи оқиғаларды салыстыра талдау арқылы, жаңа, тың деректерді ғылыми айналымға түсіруінде еді. Сондай-ақ, бұл еңбек қоғам дамуының актуальды теориялық проблемаларын зерттейтін түрлі ғылым салалары өкілдерінің бір ортақ мақсатта жұмыла жұмыс істей алатындығын көрсететін айғақ болды.

Осы тілге тиек болып отырған монография 8 тараудан тұрады. Оның бірінші тарауында зерттеудің негізгі методологиялық алғы шарттары, сонымен қатар Қазан төңкерісінің барысында Орта Азия мен Қазақстанда орнаған социалистік құрылыстың маңызды белгілері сипатталады. Ал, қалған тарауларда болса авторлар кеңестік ұлттық мемлекеттің дамуындағы пролетариат диктатурасының алатын орнын, Орта Азия мен Қазақстандағы индустрияландыру мен ұжымдастыру саясаты мен мәдени революцияның жүзеге асуын, сондай-ақ, капитализмге соқпастан бірден социализмге өтудің өзіндік теориялық және тәжірибелік маңыздылығын ашып көрсеткен. Осы орайда Қазақстан мен Орта Азия республикаларының ғалымдары бұл

проблеманы ғылыми тұрғыдан алғанда асқан жауапкершілікпен жүзеге асырғандықтарын айтқанымыз жөн [1].

Әрине, жоғарыда көрсеткеніміздей кезінде бұл еңбек авторларының алдында қиын да күрделі міндеттер тұрды. Себебі, ғалымдар Орта Азия мен Қазақстанда қалыптасқан социалистік құрылыс тәжірибесін комплексті түрде зерттеп қана қоймай, оның мәні мен маңызын кеңестік талапқа сай тұжырымдап беруге тиіс болатын. Осындай саясаттандырылған кейбір мәселелерге байланысты нақты теориялық қағидалар толық нақтыланбаған күйінде қалып, оған қатысты тарихи деректер ғылыми айналымға түспей қалды. Сондықтан да, Орта Азия мен Қазақстанда Кеңес үкіметінің орнауы және ондағы партия ұйымдарының ролі жартылай бұрмаланған түрінде берілді. Алайда, бұл ұжымдық монографияның өткен кеңестік және бүгінгі тәуелсіз қоғам үшін де өзіндік оң және теріс жақтары болды. Негізінен алғанда ол – Орта Азия мен Қазақстанның капитализмге соқпастан, бірден социализмге өту жағдайы еді. [15, 135-138].

Бұл айтылған сын-ескертпелерге қарамастан кітапта көптеген өзекті мәселелер жаңадан қаралып нақты, өзіндік шешімін тапқан. Мысалы, кеңестік құрылыс, оның ішінде партиялық басқарудың объективті және субъективті факторлары (саяси, әлеуметтік-экономикалық және идеологиялық). Капитализмге соқпастан бірден социализмге өтудің өзіндік ерекшеліктері туралы Қазақстан мен Орта Азия зерттеушілерінің бұл ұжымдық монографиялары түрлі тарихи деректер мен құжаттарға яғни архив материалдарына сүйене отырып жазылған құнды еңбек екендігіне дау жоқ. Сондықтан да, бұл кітап қазір де Кеңес дәуірін зерттеуші ғалымдар үшін басты бағыт-бағдар болатын дереккөз екендігі белгілі [4].

Жаңа, тәуелсіздік тарихында әлі де болса Кеңестік дәуірді зерттеу, бүгінгі күн тұрғысынан қолға толық алынды деп айта қою қиын. Әрине, түрлі саяси кезеңге байланысты үзік зерттеулер бар. Бірақ, осы мәселеге арналған тұтас еңбектер әзірге жоқ. Сондықтан да біздер бұл жұмысты кейінге қалдырмай жедел түрде қолға алуымыз керек. Яғни, С.Бейсембаевтың ісін одан әрі жалғастырғанымыз жөн [21, 7 февраля]. Көрсетіліп отырған еңбектердің құндылығы оның нақты құжаттарға сүйеніп жазылғандығында. Сондықтан да, Қазақстан тарихын зерттейтін ғалымдар бұл ғылыми еңбектерге соқпай, сілтеме жасамай өтпейді.

Сол кездегі кеңестік бір жақты идеологияның қитұрқы бағыт-бағдарын көрсетудің ең бір ұрымтал тұсы болатын. Осындай зерттеушілік бағыты үшін ол талай рет сыналып, қуғындауға да ұшырап отырған. Екінші жағынан С.Бейсембаев өзі өмір сүріп, қызмет атқарып отырған қоғамға, Кеңес мемлекетінің жүргізіп отырған саясатын қолдап, мақұлдауға тиіс болған. Оның көптеген еңбектерінен біз осы жайды аңғарамыз. Қалай болғанда да зерттеуші ғалым сол кездегі тарихи, саяси, әлеуметтік-экономикалық хал-ахуалды көрсете отырып, соның негізінде Қазақстанның да өзіндік даму жолын айқындап беруге қол жеткізген.

Қорытынды. Академик С.Бейсембаевтың ғылыми мұрасы күні бүгінге дейін тарихи құндылығын жоғалтпаған бес монография және 200-ге жуық үлкенді-кішілі еңбектерден тұрады. Жоғарыда айтылғандай бұл шығармаларда негізінен XIX-XX ғасыр басындағы Қазақстанның саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени хал-жайлары қарастырылды. Онда қазақ жерінде кеңес өкіметінің орнауы, оған В.И. Лениннің ықпалы, азаттық жолындағы күрес, қоғамдық ойдың даму мәселелері сөз болды. Ол ешқашанда қол жеткен табыстарға тоқмейілсіген емес. Оның КОКП тарихы жөніндегі республика үйлестіру Кеңесін басқаруы, Партия тарихы институты филиалы жанынан КОКП тарихынан Одақтық дәрежедегі докторлық диссертация қорғау жөнінде мамандандырылған Кеңес құруы осының айғағы. Ол үнемі өзі зерттейтін тақырып бойынша республикалық, Одақтық, Халықаралық конференцияларда баяндамалар жасап отырған. Осындай ұлан-ғайыр еңбектерінің нәтижесінде ол 1972 жылы Қазақ КСР Ғылым Академиясының корреспондент мүшелігіне, кейін 1975 жылы толық мүшелігіне сайланғаны әбден заңды.

Алайда, басты мақсаты өз туған халқының өткен тарихын кейінгі ұрпаққа сол алғашқы қалпында еш бұрмалаусыз көрсету болып табылған зерттеуші болған тарихи оқиғаларды архив құжаттары, нақты деректер арқылы жеткізуді мұрат етіп алған. Соның нәтижесінде көбінесе Қазақстан туралы сан-саналы құжаттар жинағын даярлап, цифрлар мен деректер арқылы әрқеде қазақ халқына қатысты жүргізілген саясаттың оң, терісін бағалауды оқырманның өз үлесіне қалдырып отырған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Д.Кішібеков, Ц.Розенберг. *Ценное исследование. // Казахст. правда, 1975, 1апреля*
2. Е.Садықов. «Тәуелсіздік тірегі-тарихи таным» // *Қазақ тарихы, 2002, №3, 4-7 бет.*
3. *Институт истории партии при ЦК КП Казахстана //изд. Наука. КазССР, 1973, 133 с, с илл.*
4. К.Оразалиев. *Ценное обобщение и выводы. //Советская Киргизия, 1975, 3 апреля.*
5. КПСС Советское правительство о Казахстане 1917-1977гг. //Сборник док. и матер. А. 1978, Казахстан, 396с. (15-17стр).
6. Қ.Нұрпейіс. *Сборник важнейших документов. //Казахст. правда, 1978, 10 января.*
7. ҚРПА 811-Қ, 16-т, № 734, 3-4-н.
8. ҚРПА 811-Қ, 16-т, № 478, 12-13-н.
9. ҚРПА 811-Қ, 35-т, № 18, 15-19-н.
10. ҚРПА 811-Қ, 16-т, № 1480, 26-27-н.
11. ҚРПА 811-Қ, 16-т, № 1481, 1-н.
12. ҚРПА 811-Қ, 16-т, № 812, 44-н.
13. ҚРПА 811-Қ, 14-т, 56-іс, 88-89-н.
14. М.Давлетғалиев. Курицын Н., Е.Нигметов. *Страницы памятных лет. //Казахст. правда, 1975, 23августа.*
15. М.Джунусов. *К социализму минуя капитализм. Исторический опыт КПСС по социалистическому строительству в Средней Азии и Казахстана. //Вопросы истории КПСС, 1975, № 9, стр.135-138.*
16. С.Бейсембаев. *Қазақстан партия тарихы ғылымының орталығы. //Қазақстан Коммунисті, 1973, № 2, 24-29б.*
17. С.Бейсембаев. *Ғылым және Коммунизм. //Қазақстан Коммунисті, 1966, №8, 15-19б.*
18. С.Бәйішев. *Советтік Қазақстанды өрге бастыру мақсатымен. //Қазақстан Коммунисті, 1978, № 12, 79-82б.*
19. С.Бейсембаев, Қ.Сағындықов. *Күрес пен жеңістің документтері. //Қазақстан коммунисті, 1975, № 7, 83-85 бет.*
20. С.Бейсембаев. *За научную разработку истории Компартии Казахстана. //Партийная жизнь Казахстана, 1958, № 4, стр.22-25.*
21. Т.Мустафин. *Ценный научный труд. //Индустрия Казахстана, 1975, 7 февраля.*

References:

1. D.Kışıbekov, S.Rozenberg. *Sennoe issledovanie. // Kazahst. pravda, 1975, 1aprelä. [in Russian]*
2. E.Sadygov. «Täuelsızdık tiregi-tarihi tanym» // *Qazaq tarihy, 2002, №3, 4-7 bet. [in Kazakh]*
3. *İnstitut istorii partii pri SK KP Kazahstana //izd. Nauka. KazSSR, 1973, 133 s, s ill. [in Russian]*
4. K.Orazaliev. *Sennoe obobşenie i vyvody. //Sovetskaia Kirgizia, 1975, 3 aprelä. [in Russian]*
5. KPSS Sovetskoe pravitelstvo o Kazahstane 1917-1977gg. //Sbornik dok. i mater. A. 1978, Kazahstan, 396s. (15-17str). [in Russian]
6. Q.Nürpeius. *Sbornik vajnejşih dokumentov. //Kazahst. pravda, 1978, 10 ianvarä. [in Russian]*

7. QRPA 811-Q, 16-t, № 734, 3-4-p.
8. QRPA 811-Q, 16-t, № 478, 12-13-p.
9. QRPA 811-Q, 35-t, № 18, 15-19-p.
10. QRPA 811-Q, 16-t, № 1480, 26-27-p.
11. QRPA 811-Q, 16-t, № 1481, 1-p.
12. QRPA 811-Q, 16-t, № 812, 44-p.
13. QRPA 811-Q, 14-t, 56-ıs, 88-89-p.
14. M.Davletgaliev. Kurisyn N., E.Nigmatov. Stranisy pamätnyh let. //Kazahst. pravda, 1975, 23avgusta. [in Russian]
15. M.Junusov. K sosializmu minuia kapitalizm. İstoricheski opyt KPSS po socialisticheskomu stroitelstvu v Srednei Azii i Kazahstana. //Voprosy istorii KPSS, 1975, № 9, str.135-138. [in Russian]
16. S.Beisembaev. Qazaqstan partia tarihy ğylymynyñ ortalıǵy. //Qazaqstan Komunisi, 1973, № 2, 24-29b. [in Kazakh]
17. S.Beisembaev. Ğylym jäne Komunizm. //Qazaqstan Komunisi, 1966, №8, 15-19b. [in Kazakh]
18. S.Bäiışev. Sovettik Qazaqstandy örge bastyrı maqsatymen. //Qazaqstan Komunisi, 1978, № 12, 79-82b. [in Kazakh]
19. S.Beisembaev, Q.Saǵyndyqov. Küres pen jeñistiñ dokumentteri. //Qazaqstan komunisi, 1975, № 7, 83-85 bet. [in Kazakh]
20. S.Beisembaev. Za nauchnuiu razrabotku istorii Kompartii Kazahstana. //Partinaia jizn Kazahstana, 1958, № 4, str.22-25. [in Russian]
21. T.Mustafin. Cennyj nauchnyj trud. //Industriya Kazahstana, 1975, 7 fevralya. [in Russian]

ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІ
ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ
RESEARCH OF YOUNG SCIENTISTS

ҒТАХР/МРНТИ/IRSTI 03.09.03
ӘӨЖ/УДК/UDS 96 (74)

<https://doi.org/10.51889/2959-6017.2026.89.2.030>

Береснев А.Т. *¹

¹докторант PhD 1 курса, Казахский Национальный педагогический университет имени Абая.
e-mail: alex_bersen98@mail.ru
<https://orcid.org/0009-0004-6227-2965>

ВЛИЯНИЕ ПРОЦЕССА ВАРВАРИЗАЦИИ НА ВОЕННЫЙ ПОТЕНЦИАЛ
РИМСКОЙ АРМИИ IV в. н.э.

Аннотация

В статье рассматривается процесс влияния варваризации на боевое состояние позднедеримской армии в период IV в. н.э. Актуальностью исследования выступает дискуссионный вопрос о характере влияния варваризации на проблему боевого состояния и эффективности позднедеримских войск. Целью исследования является анализ боевого состояния римской армии Поздней античности, сложившегося на момент IV в. н.э. и изучение причин, вызвавших от римских правителей привлечения широкого контингента варваров в состав легионов. Работа опирается, главным образом, на анализ и синтез содержания материалов письменных источников позднедеримских авторов, освещающих данные о боевом состоянии легионов IV в. н.э. В результате исследования, авторы пришли к выводу, что боевое состояние римской армии в период IV в. н.э. в условиях широкого преобладания варварского элемента не привело к значительным проблемам и ослаблениям боевого состояния, а скорее являлось ответным вызовом на уже существующие проблемы внутри Римского государства, стремившегося сохранить боевой потенциал. Содержание информации из статьи может применима для ученых, занимающихся проблемой военного искусства римской армии эпохи Домината.

Ключевые слова: варваризация, романизация, позднедеримская армия, варвары, период Домината.

А.Т. Береснев *¹

¹ I курс PhD докторанты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.,
Қазақстан, Алматы, e-mail: alex_bersen98@mail.ru
<https://orcid.org/0009-0004-6227-2965>

ВАРВАРИЗАЦИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТІҢ Б.З. IV ҒАСЫРЫНДАҒЫ РИМ АРМИЯСЫНЫҢ
ӘСКЕРІ ӘЛЕУЕТІНЕ ӘСЕРІ

Аңдатпа

Мақалада варваризацияның б.з. б. IV ғасырдағы кейінгі Рим армиясының жауынгерлік жағдайына әсер ету процесі қарастырылады. зерттеудің өзектілігі-варваризацияның жауынгерлік жағдай проблемасына және кейінгі Рим әскерлерінің тиімділігіне әсер ету сипаты